

ӘОЖ 339.9 (574+510)

А.Т. Толқын

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

E-mail: At\_tolkyn@mail.ru

### Қазақстан мен Қытай Халық Республикасы арасындағы логистикалық байланыстардың даму болашағы

**Аңдатпа.** Мақала Қазақстан мен Қытай Халық Республикасы арасындағы экономикалық байланысты нығайтудағы шекарааралық логистика жүйесінің маңыздылығын сипаттайды. Екі ел арасындағы логистикалық байланыстардың даму болашағы «Қорғас» ШЫХО, «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» ірі жобалары екендігі көрсетіледі.

**Түйін сөздер:** логистика, жобалар, шекара, транзиттік потенциал.

2003-2015 жылға Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік-инновациялық Даму стратегиялары қазіргі экономикалық негізгі және шешуші бағытпен сәйкес мемлекет саясатшылары бағыттарымен және талаптары, Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстан Республикасының барынша бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына кіру», сонымен қатар 2015 жылға дейін Қазақстан Республикасының территориялық Даму стратегиясы, Қазақстанның экономикалық дамуын ұстап тұрған негативтік факторларды жеңуі айқын.

2015 жылға дейінгі Қазақстан Республикасының территориялық Даму стратегиялары шекара маңы аумақтарды дамыту бағытында ең басты мақсаты халықаралық экономикалық ынтымақтастықтың өте маңызды аймақтары сияқты шекара маңы аумақтарының реттеуі болып табылады.

Осыған орай, Алматы облысы Панфилов ауданы, «Қорғас» арнайы экономикалық аймағының шекара маңы сауда-экономикалық аймағы «Қорғас – шығыс қақпасы» аумақтарды құру шекарадан өтудің тікелей жақындығы болып табылады, аймақ әлеуметтік-экономикалық дамуы аспаптарынан, сонымен қатар Қазақстан және Қытай аралық сыртқы экономикасына одан әрі кеңейту факторының, халықаралық сауда жүйесіне Қазақстан Республикасының тезірек қатыстыру және транспорттық – логистикасымен халықаралық кәсіпкерлігі Қазақстан

Республикасының мемлекеттік басқарулары деңгейлері бірнеше рет көтерілді.

Қазақстан мен Қытай арасындағы мемлекеттік шекара «Қорғас» ШМЫХО-ның қазақстандық және қытай бөліктері арасындағы шекара болып табылады. Басқа қазақстандық автоөтпелдерден айырмашылығы Қытаймен шекарадағы «Қорғас» өту пункті маусымдық және климаттық жағдайларға жыл бойы жарамды болып табылады.

2015 жылға «Қорғас» құрлық порты арқылы транзиттің үлесін Қазақстанда транзит көлемі 12%-ға дейін, ал Еуропа-Қытай жүк ағынының транзиттік үлесі 7,2%-ға жетеді [1]. 6 жылда (2009-2015 жылдар) «Қорғас-Шығыс қақпасы» ШСЭА өнеркәсіптік аймағына шамамен 1608,6 млн АҚШ доллары тартылады. 2015 жылға бұл аймақтағы өндірістің жылдық көлемі 706,7 млн АҚШ долларына жетеді, соның ішінде экспортқа шығарылатын өнім 666,78 млн АҚШ долларын құрайды [2].

Жобаның жалпы құны 522 716, 853 млн теңгені, оған қоса:

- республикалық бюджеттен мемлекеттік қаражат есебінен 108 387, 853 млн теңгені;
- меншікті инвестиция есебінен 414 329, 030 млн теңгені құрайды.

«Қорғас-Шығыс қақпасы» ШСЭА» АЭА инвестициялық жобаның құрылуы халықаралық деңгейіндегі жоба болып табылады.

«Қорғас-Шығыс қақпасы» ШСЭА» АЭА негізгі нысандарын пайдалануға беруде және жобаның жүзеге асырылу қорытындыларында

Панфилов ауданы келесі макроэкономикалық көрсеткіштерге жетуі мүмкін:

- 22 мыңға жуық қосымша жұмыс орындары;

- Шетел және Қазақстан аумақтарынан жұмыс үшін келген көші-қон, аумақтағы тұрғындар саны 70 мың адамға өсуі;

- Жыл сайынғы шығарылған өнімнің жалпы құны 123 млрд теңгеге дейін көтерілуі (немесе 1 млрд АҚШ доллары);

- Жыл сайынғы бюджетке 9 млрд теңгеге жуық салықтың түсуі.

«Қорғас» ШЫХО – ҚР мен ҚХР мемлекет басшыларының бастамалары бойынша жүзеге асқан ірі жобалардың бірі. Жоба Қытаймен сауданы жеңілдетуге, ең бастысы, Батыс Еуропа – Батыс Қытай трансқұрылыстық дәлізі жобасын нақты жүзеге асыруға әкелетін екі елдің транзиттік қуатын дамытуға бағытталады. Орталықта Қазақстан мен Қытай азаматтары шекара шегінде еркін жүріп, іскерлік кездесу үшін ресми сапармен келген үшінші мемлекет азаматтары Қазақстанда, Қытайда және ТМД елдерінде шығарылатын өнеркәсіптік өніммен танысуына, баж салығынсыз сауда бітімдерін жасауына және бос уақытын өткізуіне болады. Орталықтың аумағында визасыз 30 тәулік жүруге болады [3].

АЭА-ны құру Қазақстанның әлемдік нарықтарға шығуы, Қазақстан Республикасының әлемдік шаруашылық ету жүйесінде тиімді ұстанымы үшін нақты жағдайлар жасауға мыналар арқылы ықпал ететін болады:

- 2012 жылға Қазақстанның сыртқы операцияларын тиімді басқару, жоспарлау;

- Қазақстанның 2012 жылға қарай халықаралық еңбек бөлінісі жүйесіне, көлік, логистика, сауда және экспорттық өндіріс саласына бәсекеге қабілетті енуі үшін «өсу нүктесіне» экономикалық дамуы;

- Қазақстанның ШЫҰ шеңберіндегі көп жақты сауда-экономикалық ынтымақтастықты ұлғайтуға толық қатысуы үшін халықаралық маңызды объект ретіндегі «Қорғас» ШМЫХО қазақстандық бөлігінің қалыптасуы;

- Ресей және Қытаймен сауда-экономикалық ынтымақтастығын дамыту және Оңтүстік – Шығыс Азия, Еуропа, Ресей және ТМД басқа да елдерімен сыртқы сауда байланыстарын көп жақты дамыту;

- 2012 жылы Қазақстанның инвестициялардың және халықаралық сақтандырудың халықаралық нарығына шығуы;

- Қазақстан өнеркәсібінің құрылымын қазіргі заманғы ғылымды қажетсінетін технологияларға тарту;

- жоғары білікті мамандарды тарту және қосымша жұмыс орындарын ашу, жергілікті қызметкерлердің біліктілігін арттыру [4].

ШЫҰ қатысушы елдер арасында сауда-экономикалық, көлік және логистика, әртүрлі тауарларды өткізу, сондай-ақ мәдени алмасуларға қолайлы мүмкіндік [5].

«Батыс Еуропа – Батыс Қытай» континент аралық жобасын іске асыруға 382,9 млрд теңге, оның 73,7 млрд теңгесі бюджеттен, жеке инвесторлардан 309,2 млрд теңге жұмсалмақ. Бұл Алматы облысының Панфилов ауданындағы Қорғас және Іле ҚХР ШҰАА-дағы Қазақ автономиялы облысының қазіргі талапқа сай халықаралық көліктік-логистикалық порт-қалалар. Бұл күндері құрылыс қарқыны жедел қарқынмен дамып, қажетті құрылыс нысандары: электр жүйесі, су құбыры желілері, көлік жолдары, медициналық, әкімшілік ғимараттары салынууда. Қытай жағы жұмыстың 95%-ын, ал Қазақстан жағы 70%-ын бітірген. Бұл жоба толығымен іске асқанда Қазақстанның бәсекеге қабілетті 50 елінің құрамына кіруіне толық мүмкіндігі болары сөзсіз.

Ғасырлар бойы Орталық Азия елдерінің қолайлы жағдайларын қамтамасыз етіп отырған Қытайдан Еуропаға, Орта және Таяу Шығыс елдеріне баратын Жібек жолының әсері болған. Кезінде ішкі қолайсыз жағдайларға байланысты Қытаймен көршілес хандықтар арасындағы кикілжіңге сәйкес керуен жолдары жабылып қалатын. Ал бұл жағдайлар көптеген елдердің халқына ауыр соққы болатын, себебі олар Аспан асты елімен сауда жасап күн көріп отырғандар еді. Енді, міне, ХХІ ғасырда Қазақстан өзі үшін де, көршілес мемлекеттер үшін де Жібек жолын ашып отыр. Халықаралық шекара маңы сауда орталығымен Жетіген-Қорғас темір жолының іске қосылуына орай Еуропа мен Жер Орта теңізі бойындағы Қытаймен саудаласатын елдерді тарту арта түседі.

Жетіген-Қорғас теміржолымен және Батыс Қытай – Батыс Еуропа автокөлік жолдарының іске қосылуымен қажетті тауарлар ішкі Қытайдан тоқтаусыз Қазақстан жері арқылы Ресей, Беларусь, Украинаға одан әрі Еуропа елдеріне тасымалданады.

Теміржолдың екінші бір бағытымен тауарлар Түркияға, Жерорта теңізі елдеріне тасымалданады, сондай-ақ бұл бағыт Түрікменстан

арқылы Иран, араб елдеріне шығуға мүмкіндік береді.

Алматы облысы бойынша кеден департаментінің бастығы Құрманбек Артықбаевтың айтуынша, бүгінгі күні «Қорғас» кедені арқылы күніне 150 жүк көлігі өтетін болса, ШЫХО құрылысы толық аяқталғанда күніне 500 жүк көлігі өтетін болады, жиырма мың адам ШЫХО аймағына кіруге мүмкіндік алады.

«Қорғас» шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығын құрудағы басты мақсат – мемлекеттің индустриялық-инновациялық саясатын жүзеге асырып, шетелдік капиталды тарту арқылы аймақтың экономикасын жандандыру және инвестициялық ахуалды айтарлықтай жақсарту.

Қытай-Қазақстан «Қорғас» халықаралық шекара ынтымақтастығы орталығы – екі ел басшылары қол қойған мемлекеттік дәрежедегі объект, екі елдің сауда-экономикалық ынтымақтастығын жебейтін жаңа үлгі, инновациялық мәнге ие, шекара аттаған экономика-сауда, қаржы салу селбестік аймағы, сондай-ақ ШЫҰ аясындағы өңірлік экономика-сауда селбестігін жебейтін маңызды платформа. Селбестік орталығының құрылуы Орта Азия, Батыс Азия, Оңтүстік Азияны шарптитын тауар жию-тарату орталығының қалыптасуына пайдалы және ең ірі инфрақұрылымдық кешен болашақта трансконтиненталды сауда-көлік жүйесінің ең маңызды пунктіне айналуы тиіс.

Қортындылай келе, Қазақстан Республикасының шекара маңы ынтымақтастығының қазіргі күй-жағдайы шектесетін елдермен мәселелердің шешімдерін, халықаралық ынтымақтастық-

тың стратегиялық бағдарламаларын орындауымен қатар, салалық және аймақтық бағдарламалардың және осы саладағы мемлекеттік және мемлекетаралық шешімдерін жөнге салуды талап етеді. Қазақстан өзінің маңызды транзиттік потенциалын, қолайлы географиялық орналасуын, бай табиғи қорын пайдалана отырып, динамикалық экономикалық дамуға ие бола алады және мемлекетаралық жүктердің тасымалына өзінің транспорттық дәліздерін пайдалануға бере алады.

### Әдебиеттер

1 «Қорғас» шекара маңы көліктік қызметтер саласындағы үрдістердің дамуы // Journal of china youth college for political sciences.– Beijing, – №3.– 2006. – 101-104 бб.

2 «Қорғас» шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығын одан әрі дамытудың 2007-2011 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 7 қарашадағы № 1061 Қаулысы //http://www.mfa.kz/rus

3 06.10.2010 / 15:54 Казахстан и Китай заинтересованы в дальнейшем укреплении и расширении торгово-экономического сотрудничества – советник Посольства РК в КНР Н. Аккошкарров www.inform.kz

4 Артықбаев Қ. Хоргос – первая зона трансграничного сотрудничества http://саарг.kz

5 Жәшібеков Ф. «Қорғас» шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығының маңызы //http://www.inform.kz

А.Т. Толкын

### Перспективы развития логистических отношений между Казахстаном и Китайской Народной Республикой

В статье говорится о граничной системе логистики для укрепления экономических отношений между Казахстаном и КНР. Будущее в развитии логистических отношений между двумя странами показано в таких крупных проектах, как МЦПС «Хоргос», «Западная Европа – Западный Китай».

**Ключевые слова:** логистика, проекты, граница, транзитный потенциал

A.T. Tolkin

### Logistics perspective relations between Kazakhstan and China

In article it is told about boundary system of logistics for strengthening of the economic relations between Kazakhstan and the People's Republic of China. The future in development of the logistic relations between two countries is shown in such large projects: МЦПС «Horgos», «Western Europe – Western China».

**Keywords:** logistics, projects, border, transit potential.